

ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



КӨКЕЙТЕСТІ
Ж.Иманқұлова
Таңбалар тарихы
және
әліпби ауыстырыған
елдер тәжірибесі

Проза
Д.Рамазан
Көш

Оқшау ой
Ж.Елшібек
Бердіқұлов мектебі

Жадымызда қалған
Жайсанғдар

Рахманқұл БЕРДІБАЙ

№4 2013

БЕРДІКҰЛОВ МЕКТЕБІ

(Асыл ага, ардақты ұстаз туралы сыр ұшқындары)

Бір кереметі, мен Сейдахмет ағаны көрген де емеспін, еңбек майданында да жолсығапаң екенмін... Бірақ, Сейдахмет аға маган бейтанаңыс емес. Ол кісінің бейнесін де, бейнетімен орнатқан творчестволық тауын да маган нұсқаған ағаның өзі жазған кітаптары, аңызға айналған қайраткерлік қадамдары. Сейдахмет ағамыз да жасында шырагы бар Жаратушының мейірімі түскен ұл болған секілді...


Мұхтар Құл-Мұхаммед

СИҚЫР СӨЗДЕН САРАЙ СОҒЫП...

СЕЙДАХМЕТ БЕРДІКҰЛОВ!.. Ақиқатын айту керек, ұлан-ғайыр елімізде бүгінде бұл есімді білмейтіндер некен-саяқ. Оның да өзіндік сыры бар. Ширек ғасырдан астам мерзім республикадағы таралымы да, беделі де ең жоғары рейтингке ие болған жастар газеті – “Лениншіл жастың” әр немірінен түспеген оның аты-жөнін толқын-толқын буынның өкілдері жаттап есті десек артық марапаттау емес. Жүректен шықпаған сөздің жүректерге коңактамайтыны да белгілі. Әйтпесе, қасиетті де кастерлі казақ әдебиетінің төріне өзіндік қолтақбасымен жалтақтамай көтерілген қаламгер ағамызың шығармашылық әлемі хақында дуалы ауыз аталарымыз әрдайым құшырлана әнгіме өрбітпес еді. Бұл – талантты мойындау, бұл – қаламды құрметтеу!

Осы жерде назар аударапты Сейдахмет аға туралы ақжарма лебіздердің тек оның мерейтойы сэттерінде ғана айтылмайтындығы. Әйткені, Сәкенің қаламынан туған әр туындысы ешкімді бейжай қалдырмайды. Сондыктан үлкен-кіші сүйікті жазушысының жаңа шығармасы төнірегінде өз пікірлерін дер кезінде жеткізгенше асыгады. Кітап мұхитының ең сезімтал, ең әділ құбыланамасы да – оқырманың ордалы ойы. Қоңіл сүзгісінен өткен шынайы ойларға не жетсін, шіркін!

Ал шәқірт ретінде Сәкен туралы қалам тербеудің жөні мен үшін бөлекше қуаныш. Мектеп қабыргасында жүрген қаршадай кезімнен-әк жүзін көріп, бетпе-бет кездеспесем де Сейдахмет ағаның өнегесімен, тәлім-тәрбиесімен есkenімді әркез мақтаныш санаймын. Сол уақытта “Қазақстан пионері” (қазіргі “Ұлан”) газетінің бас редакторы болған балауса ерімтальдардың Ағасы жас тілшілердің тәй-тәй қадамынан көз жазып қалмауды темірқазық мақсат еткені анық. Бұл пікірімді тұмардай сақтаған Сәкенің алпысыншы жылдары өз колымен жазған хаттары айғақтайты... Албырт абитуриент шакта Абылай хан даңғылы бойындағы редакцияның бесалты адам сыйылысқан аядай бөлмесіне отырғызып койып, пионер жазының әсерлері жөнінде мақала жаздырған күндері санамда кешегідей жаңғырады.



Сейдахмет БЕРДІКҰЛОВ

Әсершіл әрі пәк балажүрек сыр сандығына бәрін де қаз-қалпында құндақтап қойған-ау...

Асып-тасып төгілген пейіл осындауда тізгін үстітапай, қоңілдегі көрікті ойлардың тарыдай шашырай беретіні бар емес пе?! Қабілетті де дарынды журналистердің қауырсын қаламын ұштап, шеберлігін шындаудың үлкен ұстаханасы саналатын жастар газетінде қызмет атқарған он жылымды, “Бердікұлов мектебінен” дәріс алған өмірінің қимас, ұмытылmas кезені есептеймін. Әйткені, әр жылы ғасырларға бергісіз алаңсыз көктемім – жалын шағымда Сәкен үстаздан үйренгенім ете көп.

Бұл күнде қаламгерлер қауымы арасында ұдайы ілтипатпен үкілеп айтылатын “Шер-ағаң – Шерхан

Мұртазаев пен Сері-аған – Сейдахмет Бердіқұловтар әу бастан-ақ редактор болып тұғандар ғой” деген пікірдің қазақ журналистикасынан өз орнын ойып алғаны баршамызға аян. Сол киелі шаңырақ астында оқырманы мен халқы қастерлеп пір тұтқан ағалармен бірге еңбек еткен күндерімді жадыма түсірген сайын көніл күмбезі дабылдан, күмбір қаға берері сөзсіз. Өміріміздің өзекті де, толғакты мәселелерін, шетін тақырыптарды, өткір проблемаларды бейне тамырышыдай құнілгеріден дөп басып, батыл жазуға бағыт-бағдар сілтеу – ойы ұшқыр Сәкеңе ғана тән. Бұл тұста аталған проблемалардың газет бетіне жарқырап көрінуі, ішкі терең мазмұнына сай сыртқы көркемделуі жағынан мейлінше жұтынып шығуы және бар. Ол үшін ә дегенмен-ақ макала тақырыбының өзі магниттей тартып, бүкіл назарды аударып, еріксіз оқыттыруға мәжбүр етуі тиіс. Осынау қағиданы берік ұстанған Сейдахмет ағаның құлакқа құйғаны: “Макет – газеттің киімі, ал қолыңа іліккен кез келген киімді талғамсыз үстінен жапсыра салмайсың ғой. Демек – газет безендіру де үлкен өнер. Орнымен колданылған түймедей штрих, оймақтай детальдың ойнап кететінін ескерген жөн...” Сондықтан да болса керек, ол қызметке алған жігіттерді ең алдымен, секретариаттың тезіне салып, көрігінде шындалап алады. Бұл да тек редактор Бердіқұлов бойындағы назар бөлерлік көп қырының бірі. Әйтпесе бүкіл ғұмырын газетке бағыштаған кейбір журналист ағайындардың макетке мүлдем мән бермейтіні жасырын емес.

Бітімі бөлек сергек суреткердің журналистік, жазушылық әлемі жағында өрілер, тілге тиек етілер әңгіме өзегі – кемпіркосақ бояуындай алуан түрлі тақырып. Идеяға, ойға бай қағілез қаламгердің ешкімге ұқсамайтын дара қолтаңбасы терең үнілуді, жан-жакты зерделеуді қажет етеді. Менінше, Сәкен туындыларының құнарлы да бейнелі тілі ғылыми бөлек еңбекке арқау болса керек. Сұлу сөзден сарай соққан Сәкенің сиқырлы сандығы сүйсінерлік-ақ. Оған айғақ – Бердіқұлов қаламынан тұған романтикаға толы повесть-хикаяттар, сиқыры қат-кабат спорт тақырыбындағы эссeler, әлем ареналарын дүр сілкіндеріп шайқалтқан спорт жұлдыздары хакындағы мөлтек портреттер, публицистикалық ой-толғамдар. Кітаптары мен кемел туындыларының тақырыптарының өзі жүрек пернесін қозғайтыны мәшһүр.

Есімі телегей-теніздерден өтіп, сенгір-сенгір таулардан асып, жұмыр жерді шарлап кеткен жазушы жүргегі әсте үйіктауды білмейді. Әдебиеттегі тұнғыш бойтұмарына балаған “ол орамалын жоғалтпай” Егеулі найзасы – қаламын қолынан түсірмеген сезімтал суреткердің жүйкесін жонған мұңайып оянған қаланың тіршілік-тынысы... Азаматтығын асқақтатар передесіз көніл аспаннан шұға жауған күні – бүгінгі шығармашылық бағының мәуелі саясы сүйікті шәкірттерінің жүректерін аялап, оқырмандарын куанышка бөлери сөзсіз.

Алпысыншы-жетпісінші жылдары “Лениншіл жастың” (“Жас Алаш”) даңқы дүрілдеп тұрды. Қалың оқырманның сүйікті газетіне айналған басылымның тізгінін абыроймен ұстаган Шерхан Мұртазаев эстафетаны Сейдахмет Бердіқұловқа берді. Коммунистік (қазіргі Абылай хан) даңғылының бойындағы №63 гимаратта орналасқан бір топ редакция қызылып-қымтырылып, әр бөлмеде 6-7 журналист жұмыс істейтін. Шағын үш қабатты үйдің журналисттері бір есіктен кіріп, бір есіктен шығатындықтан өзара әбден таныс. Көтеріліп бара жатып, түсіп келе жатып қауқылдаса амандастып, құрақ ұша қауышып мәре-сәре. “Қазақстан пионері” газетінің (қазіргі “Ұлан”) редакторы Сейдахмет ағаны бұрыннан жақсы білемін. Ол кісі де мені өзінің юнкорры ретінде үнемі құлімдеп қарсы алып, жылыщырай іш тартып тұратын. “Ленжасқа” қызметке кіргенімде әкемдегі куанған жандардың бірі. Редактордың кабинетінің кіреберісіндегі бөлмеде отыратын менің арқамнан қағып:

– Осында орналастың ба? Өте тамаша болған екен. Бұл жер – көрігі қайнап тұрған қасиетті ұстахана ғой...

Шынын айту керек, о кезде бұл сөздердің астарына да, мәніне де тереңірек үнілгенім жок. Алақандай дәліз-бөлмеде Сәкенмен жиі ұшырасатын болдық. Өйткені, ол күн сайын не түске дейін, не жұмыстың соңына таман Шерхан ағага жолығады. Ұзақ отырып әңгімелеседі. Эрине, әңгіме де, сыр да газет төнірегінде. Оны біз өз бастығымыздың аузынан жиі естіміз: “Жаңа Бердіқұлов кіріп шықты маған. Мына очерктерің, анау проблемаларың жақсы екен дейді. Бүтінгі нәмірдің макеті тәуір дейді. Ал, әнебірі әлсіздеу... Мінеки, жігіттер, көрдіңіздер ме? Ненің ұнайтыны, ненің ұнамайтыны...” Осы тақылеттес сурет жиі қайталанып, Шерағаң да жігіттерді жиі сілкіп алатын.

Ештенені зерделей қоймаған бозым жүрек бізге “Бердіқұлов бас экспертиз бе, еді?..” деген ой келетін. Сейтіп жүргенде... көп ұзамай Сейдахмет аға “Ленжасқа” редактор боп сарт етеге түсті.

Жана бастық келісімен іле-шала газет-журналдар жаңа жайға көшті. Қекбазардың түбінде асқақтай бой көтерген тоғыз қабатты Баспасөз үйінің жетіншісіне жастар газеттері орналасты. Архитектураның соңғы жетістіктерімен салынған алып ғимараттың биік енсесі қаламгерлердің мереін де есіріп жіберген. Жеке-жеке кабинеттерді иемденген журналисттер де жігерлерін жаңып, құлшына еңбек етті. Әр бастықтың өз жұмыс стилі, ұжымды басқару әдісі бар. Жаңашылдыққа құмар, тұла бойы тұнған идея Сәкен журналистердің таланты мен қабілет-қарымын ортақ арнаға жұмылдыруға ерекше күш жұмсады.

– Қаламгерлердің нағыз ұстаханасы саналатын басылымның беделі мен абыройына дақ түсірмейіміз керек, – деген ол бір кездегі сөзін қайталап. – Ол

үшін өткір де қызықты, жұрт қекейіндегі мәселелерді жазуымыз тиіс. Әсіресе, тікелей жастар өміріне қатысты ең өзекті, ой салар тың тақырыптарды газет бетіндегі диспуттар мен пікірталастарға айналдырған жен. Спорт тақырыбына айрықша көніл бөлуіміз тиіс. Жарыстар күнделігі деңгейіндегі майда-шүйде ұсақ хабар-ошардың сыртында бұған дейін көтерілмеген, жазылмаған үлкен спорттың үлкен проблемаларын, спорт саңлактарының портреттерін, ұлттық спорт түрлерін, әлемдік спорттың тіршілік-тынысын әр кырынан тартымды әрі тұшымды жазуымыз керек. Кай материалды болсын жұтындырып жазумен бірге, әдемілеп бәзендіріп, көркемдеп күндіріп, бірден көзге ұратындағы көрсетуге назар аударатын боламыз. Ең бастысы, газеттің макетіне мән берген дұрыс. Макет – үлкен өнер. Макет дегеніміз газеттің күмі ғой. Әдемі жүргенді, әдемі қингенді, сүйкімді көрінуді өздерің қалай ойлайсындар. Менінше, газет те солай – айшыкты, ішкі мазмұнына сыртқы ажары сай болып шықса нұр үстіне нұр. Мен айтып отырған ұстахана көрігінің шоғы да қызу да еш бәсендемей қайнап жатуы тиіс.

Бағдарламалық толғакты ойларының бір парасының шетін шығарған Сейдахмет аға барлық бөлімдердегі жігіттерді ауыстырып, олардың әр бөлімде бір, ұзаса екі жыл отыратындарын катаң ескерткен. Ойы баршаға мәлім. Журналистердің бесасспап, яғни барлық бөлімнің жұмыстарын, ерекшеліктерін еркін менгеріп шығуна көніл болу. Сол секілді кейір журналистерді, қызметке қабылданған қауырсын қалам иелерін газеттің бас штабы – секретариаттың ыстық-суығына салып, шыңдал алуды дәстүрге айналдыры. Ең жауапты буында жүріп жас жігіттер газет материалдарының қалай әзірленіп, қалай теріліп, қалай беттегелетініне көз қанықтырады. Шрифт түрлерін, тақырып кегельдерін, терім форматтарын, суреттер мен штрихтарды үлкейтіп-кішірейтудін небір күпиялары мен жұмбактарын үйреніп алатыны сезіз. Осы орайда бүтінде республикаға белгілі журналист-жазушылар Серік Әбдірайымов, Эрнест Тореканов, Жакау Дауренбеков, Жарылқап Бейсенбаев, Ерғали Сагатов, т.б. Сәкеннің тұсында “Ленжастың” секретариатында тезге түсіп, шыңдалған майталман макетщиктер.

Секретариат көрігінен өтіп әбден шыңдалып, болаттай суарылған журналистер кейін басқа бөлімдерде жүргенде өздері жазған дүниелерді, түрлі тоғтамаларды қыздың жиган жүтіндей әдемілеп, тартымды етіп сыйып, оспеттеп макетке түсіргенде еш киналмайтын. Мұны шығармашылық ұжымда істейтін қаламгерлердің бөрі жақсы түсінеді. Әйтпесе, бүкіл ғұмырын газете өткізіп макеттің ісі мұрнына бармайтын әршітестеріміз де жетерлік. Өкініштісі, сол макеттеген мәңгүрттердің секретариат жұмысына жең-жосыксыз араласып, білтісініп, “акыл” айтуы. Өзім бірге еңбек еткен он бір бас редактор мен соншама орынбасарлардың ішінде Сейдахмет стиліндегі бағы

іліп аларлық санаулы. Себебі, бүтінде “Мұртаза мектебі”, “Бердікұлов мектебі” деген калыптастан тіркестердің катарында басқалар да айтылар еді ғой. Амал нешік, ондайлар жок. Жасырып қайтеміз.

Аз уақыттың ішінде ұжымның құрметіне бөлешіп, қадірменіне айналған Сейдахмет ағаның асыл бейнесін ардақтаған шәкірттері әрдайым оның есімін мақтанышпен ауызға алады. Үлкен ұстаздың үлгілі үрдістері бұл күнде әр жүректерде сайрап жатыр. Бұдан отыз бес-қызық жыл бұрын айтқан Аға сөзі жадымызда жаңғырып тұрғандай:

“—“Лениншілжас” казақжурналистер кадрларының ұстаханасы ғой. Оның көрігі әрдайым кайнап тұруы тиіс!..”

...Кешегі “Ленжас”, бүтінгі “Жас Алаштың” ұстаханасы өз көрігін баяғыша гүжілдетіп тұр-ау...

“НИНЕЛ” – ЖАҢА ОРДЕН БЕ?..”

Шаруашылыштарда, яғни колхоздар мен совхоздарда жыл – он екі ай бойы рет-ретімен кайталанып, бірінен соң бірі келетін науқандар болатын. Мал төлдеть, кар тоқтату, тұқым себу, шөп шабу, егін ору... Осылайша тізбектеліп, сағат тіліндей жаңылмай айналып келеді де тұрады. Ара-арасында адамдардың бой созып, күш жинап, тыныстап алуы үшін механизаторлар күні, машылар мен көншілер мейрамы, сабантой секілді шараларды ойлап тапқан кеңестік жүйенің тәртібі темірдей еді. Үлкен-кішінің қолдарын қалтасына салып, текten-тек тенселип жүрмесін дегендегі шығар. Қалай деңіз, олай деңіз көпшіліктің саясатпен, бөстеки әңгімемен, артық-ауыз сөзбен әуестенуіне мүмкіндік бермеудің жолы екені даусыз. Осындай науқандардың барысын әр қырынан жазып тұру – газеттердің төл міндеті.

Мұның сыртында пленумдар мен съездерге дайындалу, дөңгелек даталар мен айрықша оқиғаларға орай-ластыра үйымдастырылатын шаралар өз ретімен есік қағып тұрады. Сондай дүбірлі мерекеге – Қазақстан Ленин комсомолының 50 жылдығына “Лениншіл жас” газеттің үжымы да қызу әзірленген. Күнілгеріден арнайы жоспар жасалынып, түрлі-түсті мерекелік үлкен үлгідегі 8 беттік нөмір шығаруға кірісken. О кезде жоғары сапалы қағазға, түрлі-түсті фотолармен бәзендірілген, оғсетті басылыммен басылатын арнаулы косымша шығару өте сирек күбылыс. Айтулы датаның құрметіне орай жақық көретін бұл нөмірді шығару жөніндегі рұқсатты кіші ЦК үлкен ЦК-дан алған болатын.

Сонымен бір-екі ай бұрын алашапқын басталған. Жаңалыққа жаңы құштар редактор Сейдахмет Бердікұлов бүкіл шығармашылық ұжымды жинап, әр болімге, әр журналистке жеке-жеке тапсырманы қадап шегеледі. Сейтіп кіл сайдың тасындағы іріктелген сұрмерген журналист Серік Әбдірайымов, Рашит Рахымбеков, Куанышбай Құрманғалиев, Құрманғазы

Мұстафин, Ырым Кененбаев, Жакау Дауренбеков тағы басқалары өз салалары бойынша маңызды іске бөгелмей жұмыла кірісіп кетті. Орталық, ғылыми, сирек қолжазбалар кітапханаларының қорын ақтарып, шаң басқан мұрагаттарға үцілді. Небір зобалаңнан өткен республика комсомолының, оның алау жүректі жетекшілерінің өмірі мен тағдырына тікелей қатысты шерлі шежіресін қалпына келтіруге ұмтылған. Қай жұмысты да жалындан жүріп, жарқыратып көрсетуге пейіл лениншілжастықтар редактор мегзеген қын да, абыройлы міндеттің үдесінен табылуды қастерлі парыз санаған еді.

Секретариаттың жігіттерін, фототілшіні, суретшіні белек алып қалып қияльында жүрген ойларын тәтпіштеген. “Мұндай мүмкіндік үнемі келе бермейді. Ең алдымен, осыны түсініңіздер. Бар өнерді, бар фантазияны, бар шеберлікті салу керек. Құні-тұні үйіктаамай ізденуге тұра келеді. Бөлімдер әзірлейтін материалдарды мейлінше жүтіндырып, барынша көркемдеп, мүмкіндігінше назар аударалық етіп көрсету керек. Кәне, тұра қазірден кірісіндер. Қысқасы, ғажап газет жасауымыз керек. Бұл нөмірді өзіміздің қос ЦК-ны айтпағанның өзінде, Мәскеуден, он бес одактас республикадан келетін қонактар тамашалайды. Абай атындағы опера-балет театрында өтетін салтанатты жиналыска қатысуышыларға таратылады. Демек, сувенир-нөмір деген сөз...”

Осы ыңғайдағы ойын әуелде күн сайын ерінбей

бір қайталап қоятын Сейдахмет аға біртіндеп әбіржіген кейіпнен арылып, сабасына тұсті. Басы бейне фантазия қоймасы дерсіз. Әлде түнімен кірпік ілмей, тың идея ойлап таба ма екен? Болашақ нөмірдің нобайларын көріп, сұлбасын сезіп куанады. Ой көзінің қырағылығын қойсанызышы. Шимай-шатпақ макеттің жоба-нұқсаларынан бәрін аңғарады-ай. Әткір жанарлары күлімдеп шыға келген. Мәз. Өз идеясының алғашқы жұқанаша жүрнектарын байқағандай. Дереу үстел үстінде жаткан қаламын алып, солакай қолымен әлденені сызығылай жөнеледі. “Мына бір тұсын бүйтіп жіберсендер қатып кетпей ме?.. Былай, міне...”

Редакторымыздың талғамынан табылғанымызға біз де іштей куаныштымыз. Басылымның байырғы суретші-ретушері Бағдат Момбеков аға, фотокоржыны бір иығын қисайта салбыратып жіберген Сиез Бәсібеков, жүргенде өкшесі еденді тесіп жіберердей макетщик Тұрарбек Бұшпақбаевтар бірін-бірі білдірмей тұртіп құттықтағансиды. Ыммен ұғысады: “Сәкене ұнады!..”

“Көз – корқақ, қол – батыр”. Екі айға жуық жанжақты әзірленіп, спецхекта беттеіліп, қатталған түрлі-түсті мерекелік нөміріміз сақадай-сай дайын болды. Жауапты жігіттер екі қарап, бір шоқып сүзіп шыққан. Корректорлар, олардан кейін “свежий глаз” – тың көз корректор мұқият сан мәрте қадағалап, үтір-нұктесіне дейін қалдырмай тесіліп оқыған. Орталық Комитеттің жауапты өкілдері алдын-ала полосоларды алдырып бір шолып өтіп, басуға батасын берді. Бояу түстеріне,



С.Бердіқұловтың жұмыс бөлмесінде

фотолар мен штрихтардың, клишелердің сапасына жауап беретін баспахана мамандары, инженерлері мен технологтары да сактықпен ақырғы рет бақылап шықкан. “Бәрі жақсы, бәрі дұрыс. Дайын нөмірді баса беруге әбден болады. Еш күмәнданатыны жок...”.

Соңғы сәт. Газет редакторы Сейдахмет Бердіқұлов, оның орынбасары Болат Бодаубаев, жауапты хатшы Мэткерім Әкімжанов, баспахана директоры мен бас инженер түнгі сағат 2-де журналдар басылатын арнаулы цехта тоқайласкан. Құнұзақ түрлі-түсті бояумен шығатын журналдарды кезегімен басқан жалғыз алып машина-станоктың дамылдаған түсінде “Ленжастың” қосымшасын “жүгіртпің” алмақ. Өйтпесе болмайды. Басқа еш мүмкіндік жок. Журналдардың графигі бұзылады. Бір минут, бір сағат есептеулі. Жұз мындаған тиражбен шығатын журналдардың кестесін бұзу – үлкен қылмыс. Әсіресе, баспахана басшылары басымен жауап береді қалың оқырман алдында. Сылтау-мылтау айтып, ыңқ деуге хақын жок. Қандай талап, қандай тәртіп!

Белгіленген уақытта монтаждалған газеттің пленка-беттері станокқа қабат-қабат орналастырылып бекітілді. Бояу реттегіштер іске қосылды. Кезекті кнопкa-түйменің басылуы мұн екен, әлем-жәлем газеттің нобайлары зырылдаған станок-машинаның екінші қанатынан шыға бастады. Алғашқы “брәк” нөмірлерін жыртып-жыртып тастав салған цех бастығы артынша бояуы анқыған қызылды-жасылды бір-бір газетті қолымызға ұстараткан. “Асықпай ең ақырғы мәрте қарап шығындар. Анау-мынау кетіп қап жүрмесін. Барлық тиражды басуға қалды...”

Сезіктенген сайын, күдіктенген сайын газеттің бір жерінен, әйтеүір, бірдене сопақ етіп шыға келетіні бар. Неше тәулік шала үйкімен жүргенде енбегіміз еш болғандай жағдайдың үшырасканы. Қолымыздаты бір-бір сигналный нөмірге тесіліп түрғанымызда әлгі цех бастығының екі қозі атыздай бол, үрейлі даусы қатты естілген:

– Ойбай, орден аударылып кетіпти! Көрдіңіздер ме?!

Жаппай шпигельге үнілдік. Қазақстан Ленин комсомолының Ленин орденімен наградтау туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы үлкен әріптермен теріліп, газеттің фирмасының жаңына көрнекі етіп орналастырылған-ды. Макет бойынша Жарлықтың шекесіне күн көсемнің бейнесі кескіндеген Ленин орденінің түймегей ғана түрлі-түсті штрихпен салынған суреті қойылған еді. Лениннің бет-әлпеті сол қалпы, тек солға емес, онға қарап тұр. Ал жоғары таман қызыл ту-жолакта жазылған әдеттегі “Ленин” сөзі “Нинел” деп оқылады. Полиграфия тілімен жеткізсек, штрих-суреттің негативі қорғасынға құйғанда төңкеріліп кеткен. Былайша ерескел қате де емес. Бірақ! Іштегі күбірді сыртқа шыгарға алмайсын. Басын тәуекелге тігіп, жүрекжұтқан адам ғана айта алады.

Бәріміз де үн-тұңсіз түрған жерімізде қаққан қа-

зықтай сілейіп-сілейіп қатып қалдық. Масаның ызын-ы естілердегі түнгі тыныштық бүкіл ат шаптырым цех ішін билеп алғандай. Заматта қап-қара бол туғіріп, күйіп кеткен редакторымыздың жүзіне тіке қарай алмаймыз. Барлығымыз да өз-өзімізді кінәлаймыз. Әкініш оты өртеп барады. Әрқайсымыз:

– Осы кезге дейін неғып байқамадық, неғып көрмегік, – дейміз іштей езіліп. – Енді барлық процессті түгел қайталамаса болмайды. Сүмдық қой! Түймедей орденді цинкографияға қайтадан құйғызы керек. Жылдамдатқаның өзінде жарты күн уақыт қажет. Одан соң бояу түріне орай бірнеше қабат плэнканды қайта монтаждау... Солай-солай... Ауызға женіл... Әйтпесе... Штраф...

Бес минутқа созылған үнсіздік бізге бес сағаттай көрінген. Рені өрт сөндіргендегі тотыққан Сейдахмет аға терең күрсінді:

– Оригиналы дұрыс болатын штрихтың. Өзім көрғем. Бұл – баспахрананың, цинкографияның ең үлкен қатесі. Біздің жігіттердің еш кінәсі жок. Әрине, жауап-кершілкten қашпаймыз. Мұндай тамаша нөмірді болмашы нәрсеге бола кешіктірудің қажеті шамалы. Барлық тиражды да дереке басыныздар. Ертең салтанатты мәжіліске кешіктірілмей жеткізілгені дұрыс. Әзірге барлық кінәні де, жауапкершілкі де редактор ретінде өз мойныма аламын. Кәне, ешқайсың да үрейленбендер, корыкпанадар! Ең бастысы, Лениннің түрі өзгеріп кеткен жоқ қой. Міне, қараңдаршы, өздерін... Жазуы үшін берілер сөгісті, айтылар ескерту мен жазаны мойныммен көтеріп бақтым. Бәрін де екі ЦК-ға да өзім түсіндірем...

Зілбатпан жүкті иығымыздан лезде лактырып тастағандай Сәкеннің сөзі қайта серпілті. Жүргенің түгі бар ол өзі армандаған, өзі қиялдаған нөмірді қайтадан шыртылдатып парактайды. Қатулықабағы жазылып, көзі күлімдеген:

– Жақсы нөмір! – деді ол жадырап. – Мұндай-мұндай “әттеген-айлар” ханның қызында да болады.

...Жарқыратып, алаулатып шығарылған мерекелік нөмір жұрт қоңілінен шықты. Кішкентай кілтианды біреу байқады, біреу байқамады. Біреулер қате екен деп көзге ілмеді, ал біреулер “жерден жеті қоян тауып алғандай” мәз болды. Редакторды мұқаткысы келген мысықтілеулілер Сәкене телефон шалған:

– Нинел – жаңа орден бе? – деп.

Ондай жымысқылар мен тырнақ астынан кір іздеушілерге Сейдахмет аға:

– Сендер өздерін Лениннің жүзден астам бүркеншік аттарының бірінің – “Нинел” екенін білмеуші мә едіндер? – деп кекете мысқылдаш құтылған-ды.

Қалай десек те мұндай батылдық, мұндай ерлік қылышынан қан тамып түрған сүркүлтай сүркія заманда кез келген жаннның қолынан келмесі анық еді.

Қайран, Сейдаға! Егеулі наиза едін-ау. Сұк саусағын кезеген Саяси Бюро мүшесіне сексен алтыншы жылғы желтоқсанның ызғарлы күндерінде

қаскайып бас көтерген жаланғос баһадүр де Сіз едініз фой. Ондай күндер ешқашан ұмытылmas, сірә!

ҚАЛАМАҚЫҒА ЖЕРЛЕСТІК ЖУРМЕЙДІ

Жауапты хатшы, белгілі журналист, аудармашы Мәткерім Әкімжанов кезекті еңбек демалысына шығатын болды да, маған өзінің орынбасары ретіндегі өткен ай мен алдағы айдың қаламақысын қоюдың тәртібін үрретті. Он жол хабардан бастап, көлдей көсліген очеркке дейін тәптіштеп, редколлегияда бекітілген гонорар шкаласымен таныстырған.

— Жігіттерді ренжітпе. Шамаң жеткенше әділ бөлсөн жетіп жатыр, — деп қадап ескергі.

Басымды шүлгімін. Бұған дейін де екі-үш мәрте тікелей бастығымның жаңында отырып қаламақы қоюдың есеп-кисабымен танысқаным бар. Әуелде маған барі оп-онай көрінгендей. Сөйтсем бекершілік екен. Жеме-жемге келгендегі азын-аулақ тыын-тебенді тұтас бір-екі бетке тізілген фамилияларға бөліп шығу – қияметтің-қияметі. Шотты қолға ұстаган сәтте байқадым. Біріне көп, біріне аз. Кейбір материалдардың қөлемі, етек-жәні кең пішілгенімен дәні мен дәмі шамалы. Керісінше, кей дүниелер кіп-кішкентай көрінгенімен салмағы қорғасындей. Әр мақаланың соңындағы жаңарлары мөлтілдең тұрган таныстарымның жағдайларын да іші құрғыр сезеді. Қаламақы машақатына малтырып отырғанымды аңгарғандар: “Осы жолы реті келіп тұрганда басынқырап қоярсың” дегенді ашық айтпаса да, әлсін-әлсін сығалап жүргенімен сездіреді-ай.

Бухгалтерия баспахана құзырында. Сондыктan есеп-кисап төнірегінде билік айтып, бұйрық беруге құқылы. Автордың өз үлесі, аппаратта жұмыс істейтіндердің өз нәпакасы бар. Зандастырылып, процентімен бөлініп қойылған. Оны қатаң сақтамасаң редактор қол қойып бекіткен қаламақыны қабылдамай қайтарып жібереді. Мәткерім көкемнің бірер мәрте мұрнынан шанышылып, бірін алып, бірін қосып әбден әбігерге түсkenін көзім көрген. Айтпақшы, о кезде қаламақы айына екі рет берілетін-ді. Амал жоқ, көну керек, үйрену керек. Оның үстінен қазанның кулағын ұстай – әжептәуір мәртебе. Ұятқа қалмау жағын ойластырып, жігіттердің дені үйлеріне қайтқаннан кейін емін-еркін жалғыз отырып, түннің бір уағына шейін шотты шыртылдатып, есеп-кисапты мұздай ғып дайындаїссың. Ендігі үлкен сын – Сейдахмет ағаның алдынан ету. Ведомстътың шекесіне “бекітемін” деп қол қоюы тиіс.

— Кәне, гонорарың дайын ба? Тастан кет, қарап шығайын, – дейді маңғазған.

Біраз уақыттан соң шақырады. Қылпылдан ұшып барамын. “Қай жерінен мұлт кеткенімді ескертер екен...”. Жоқ. Есіктен кірген бойда күлімдей көп ойларын анфартты:

— Жарайсың! – дейді балаша қуанып. – Қаламақы саясатына өте сак болған жөн. Гонорар дегеніміз

жігіттердің майдай тері, адал еңбегі ғой. Журналистің тесік қалтасы қашан бүтінделген?! Қалталары бұлтиған, мүйізі қарағайдай ақын-жазушыларға да акша артықтық етпейді. Тек қара қылды как жарғандай әділдікті естен шығармасаң жетіп жатыр. Біреудің өзі, біреудің көзі жақсы. Ең бастысы, қаламақыға жерлестік, таныстық, достық жүрмейді. Мен ерінбей-жалақпай бүкіл тізімді сүзіп шықтым. Есеп-кисабын дұрыс. Әзірге біреу-міреуге бүйрекін бұрып, іш тартқаның байқалмайды. Осы қалпынан тайма. Өмірдің өзі – білгенге үлкен есеп-қисап. Содан жаңылмасаң сенің де, біздің де жүзіміз жарқын.

Сәкен бұл пікірін ұжымдағы басқосуларда, лездемелерде әлденеше рет қайталаган. Рас. Әуелде сөз төркініне жете зер салып, терең мән бермегенбіз. Сөйтсек...

КЛАССИК

Бекзат та аса дегдар қаламгер Сейдахмет Бердіқұлов “Лениншіл жастың” тізігінің ұстаган қимас жылдар әркез сағынышпен жаңғырады-ай... Жаны да, жүрегі де бөлекше ағаның бастық ретіндегі ұстанған бағыты мен мақсаты да – дара. Өйткені, басшының небір түрін көрдік қой. Ертеден қара кешке кабинетінен шықпайтын, бірақ редакцияда күні бойы не болып, не қойғанын, кімнің кімге кіргенін, ең ақыры не туралы сөйлескеніне дейін компьютердей қаз-қалпында сайрата жөнелетін Тікбақай бастық. Керісінше өз қызметкерінің қай бөлмеде отыратының білмейтін, тіпті олардың аты мен фамилиясын үнемі ажыраты алмай шатастырып жүретін Жанғалақ бастық. Қайта-қайта қоңыраулатып құйрығында жер іскестьептін Дызылдақ бастық. Өнешінен “бие бүгімен, түе түгімен” өткен Жебір бастық... Эрине, жампоз да жайдары, сергек те сезімтал, адал да азamat бастықтарымыз да болды. Сөйтсе де Сейдахмет ағаның жөні мұлдем ерек. Қолы қалт өткен мезетте бөлмелерді шетінен арапап жігітермен әрқылы тақырыптар төнірегінде әңгімелесіп, бөлімдер дайында жатқан мақалалар жөнінде ой-пікірлерін пісіріп, жазылмай жүрген қөкейтесті дүниелердің өзін күнілгеріден сараптап үлгеретін. Бөлімдердің жарыстарын уақыт сүйтпай әлсін-әлсін өткізіп тұруды да тамаша әдette айналдырған. Дөңгелек датаны, я болмаса күнтізбедегі қызыл күнді күтіп отырмастан-ақ қызықты идеялар мен ойлардың көрігін кузаудан есте жалықкан емес. Мұндайда қыстырма анекдоттары мен үлкен әдебиетке қатысты пікірлерін де жас қаламгерлермен бөлісітіні бар. Бірде өз замандасы жазушы Қалихан Ысқақовтың творчествосы сөз болғанда Сәкен қордалы ойын былайша бейнелеп түйіндеғен:

— Мәселен, ұлы Мұханың – Мұхтар Әуезовтің бір туындысынан сездірмей екі-үш сөйлемін ойып алып тастан көріңіші. Зер салмаған әркім-ақ жөпелдемеде ештеңе байқай қоймайды. Ал, мына Қалиханың бір сөйлемін ойып алсан өзге сөйлемдері орнынан сұрып

тастаған кірпіштей “шоқырақтап” шыға келеді. Біздің Қалихан тірі классик кой.

Әңгіме дүкені үстінде осы жайларды еске түсірген жазушы Жұмагұл Солтиеваның бұл пікірін журналист, өнертанушы ғалым Сауытбек Абдрахманов толықтыра тускен.

– Фажап, ойлар тоғыса береді екен-ау! Сәкеңнің айтқандарын осыдан ширек ғасыр бұрын Оралхан Бекейдің аузынан естіген едім, – деді таныркай. – Журфактың екінші курсында оқып жүрген кезім, “Ленжастың” әдебиет беліміне бара қалып едім. Орағаның белмесінде біраз жігіттер шоғырланған. Ұмытпасам – Сағат Әшімбаев, Кәдірбек Сегізбаев, Жақау Дәуренбеков, Төлен Қаупынбаев... Әңгімелерін айтқызыбай-ақ ұға койдым.

– Мениң ағаларымның” тілі ете шұрайлы...

– Жалпы Қалихан келешекте талайдың аузын ұрады.

– “Бұқтырма сарыны”, “Мениң ағаларым” секілді повестерімен-ақ әдебиеттен өз орнын алады.

– Сөз жоқ, түбінде классик болады. Тілі – көркем, ойы – тұнғылық.

Қаламdas әріптестерінің мактау лебіздеріне айызы қана қоймаған Оралхан ежелгі әдетінше жымия әрі мырсылдай шегелеп сөйлеген:

– Қалихан қазірдің өзінде классиктер қатарында. Тілдерің бармай-ақ түр-ау. Кәне, қайсыңыз айтасыз “классик емес” деп.

Әрине, ешқайсымыз да үндей алмадық.

КОНСТИТУЦИЯ ДЕГЕН СЕҢ

Кезінде газеттің бүкіл шығармашылық ұжымын титықтатқан оқиға – ССРДін жаңа Конституциясы. Сталин Конституциясынан кейінгі Брежнев дәуірінің Ата Заңының жобасын баспасөз бетінде талқылау ұзаққа созылған. Барлық жауапкершілік, барлық күш “Ленжаста” насиҳат белімінің ишігина түсті. Белім менгерушісі Әшірбек Қөпішев, әдеби қызметкери Алпысбай Шымырбаев. Жоба жарияланысымен көлденен жұмыстың бәрін уақытша ығыстырып, тек талқылауга байланысты үлкені-кішілі материалдарға жасыл көшө ашылған-ды. Сөйтте де өз аяғымен келетін мақалалар жоктың қасы. Әр сала бойынша, әр құрылым бойынша авторлардың мақалаларын тікелей белім үйимдастырады. Жергілікті тілшілерге арнаиды тапсырмалар беріледі. Қаламының желі бар ақын-жазушыларға толғаныстар, көсемсөздер жазу жүктеледі.

Әрине, осынау қыруар жұмыстарды үйлестіріп, күн сайын газеттің тұтас бір бетін шығару оңай емес. “Қырсықканда қымыран іриді” демекші, аяқ астынан тайғанактап құлап қалып мертіккен белім менгерушісі Әшірбек ауруханаға түсті. Бірер күн болса жөн, айларға ұласқан. Ендігі жерде барлық шаруаны Алпысбай жалғыз өзі атқармақ. Ісіне мығым, кай тапсырманы да мық шегедей тап-түйнектай етіп орындағының ол еш

абдырамай, мұрнынан шаншылып жұмыс жасайды. Ерте келіп, кеш қайтады.

Журналистік қасіпке қаршадайынан құмартқан Алпысбай төртінші класта жүргенде-ақ “Қазақстан пионері” мен “Лениншіл жасқа” мектеп өмірінен бүркіратып жазатын. Бала-тілшінің қадамын көптен бақылап жүретін Сәкен оны студент кезінде қызметке қабылдаған. Ә дегеннен қабілетті жігітті газеттің ең ауыр беліміне отырғызыды. Насихатпен, саясатпен айналысатын белімде шындалуын талап еткен. Аз мерзімнің ішінде кешегі үонкорр Алпысбай да өзіне жүктелген міндеттерді жақсы игеріп алды. Мұны қыығы қиядағыны шалатын редактор да анық байқаса керек. Үнемі лездемелер мен жоспарлау үстінде: “Біздің Алпан еліктің асығындағы болғанымен, әр ісі құлжаның сақасындағы қорғасын ғой” деп мактап отырады. Бұл пікірін, әсіресе, Конституция жобасын талқылау кезінде жиі қайталап, ойын серпілтіп, бойын сергітіп жігеріледіретін. Құндегі әдетінше кешкі бес-алтының арасында кабинеттерді аралап, жігіттермен әзіл-оспақ, қысыр әңгіме айттысып еңсе көтеретін Сейдахмет аға Алпысбай отыратын белменің есігін ашады:

– Ойбай-ау, Алпан, алтыдан асты емес пе? Әлі танауынан тіреліп отырыңың ба? Халың қалай? Әбден шаршадың-ау, өзің! Біл-ем, бі-ле-е-м... Сәл шыда, талқылау да аяқталып қалды ғой. Бастығың да больничныйдан шығар. Сосын тұра он күнге Балтық жағалауына командировкаға жіберем. Жақсылап бір демалып келши...

О заманда қазіргідей шет елге шығу қай-д-а? Сәкен жұмысымен дара көрінген журналистерді есебін тауып Мәскеуге, қыырдағы Балтық елдеріне сыйлық ретінде ынталандыру сапарына жіберіп алатын.

– Сәке, өзіңіз білесіз. Мына Конституция деген сен келіп сокпағанда бәрін де үйіріп әкетер ем. Оның үстінде капитан да жоқ. Мертігіп қалғаның көрмейсіз бе? Әуелде есенгіреп қалғандай болғаным шын. Дегенмен, кемемізді қайырлатпай, кисайтпай штурвалды нық ұстап келе жатқандаймын, – депті үнемі бейнелеп сөйлейтін Алпысбай.

Шәқіртінің орынды әзіл жауабына риза болған Сейдахмет аға қарқылданап күле беріпті, күле беріпті.

НАГРАДА

“Лениншіл жаста” істеп жүрген кезінде жазушы Оралхан Бекеев бір күні жұмыска келе жатып киоскіден орден секілді жылтырақ значоктар сатып алады. Жұмыска келген соң секретариатта танцертеннен мұрнынан шаншыла макет сыйғылап жаткан Алашыбай Есмағамбетовке “Мә, саған сыйладым” деп әлгінің біреуін бере салады. Алашыбай оны костюміне тағып, макетін сыйғып отырғанда әрітесі Төлен Қаупынбаев кіреді. Алашыбайдың өніріне көзі түсіп кеткен Төлен:

– Оу, мынауың не? – деп сұрайды.

Алашыбай Оралханға қарайды. Оралхан көзін қысады. Оны түсіне қойған Алашыбай:

- Орден гой, Төке, – дей салады жүрдім-барды.
- Орден дейсің бе, ей? Қашан алдың? Не үшін алдың? – деп Төкен де тықактай түседі.

Алашыбай да мұдірмейді:

– Эскерде Сібірде жүргенімде қалың орман ішінде өрт болып, екі тәуіл бойы “тілсіз жаумен” арпалысқан едік. Сол еңбегімізді бағалап командование орденге ұсынған болатын. Алуға үлгермегенбіз. Артымыздан жолданты, кеше военкомат шақырып алып, соны табыс етіп еді...

– Оу, мынауың үлкен жаңалық қой! Коллектив неге білмейді? Бұндайды жасыруға болмайды, – деп Төкен бөлмеден шұғыл шыға жөнеліпті.

Әнгіменің аужайын байқап тұрған Оралхан одан бұрынырақ барып газет редакторы Сейдахмет Бердіқұловқа бар жайды айтып, бастықты үндемеуге көндіріп қояды.

Сәкен Оралханның ізінше алқұн-жұлқын аптығып жеткен касіподақ комитетінің терағасы Төкенді мұқияттыңда, ұсынысын құптағандай емеуірін білдіреді. Содан қойшы, бір істі бастаса жеріне жеткізбей тынбайтын Төкен тездетіп mestком мүшелеріне шешім шығартып, акша бөлдіріп, жігіттерді ғұл мен қышқылтымға жүгіртпі жіберіп, хат бөлімінің даңғарадай бөлмесінде шағын жиынды ашып кеп жібереді ғой бағы.

– Жолдастар, ұжымға жаңадан келіп жатқан мына Алашыбай деген жігітіміздің қуанышы бар екен. Қуаныш болғанда да үлкен қуаныш. Анау-мынау емес Ерлік жасапты. Үкімет пен партиямыз сол ерлігі үшін оны орденмен наградтапты...

– Қандай ерлік екен?

– Алашыбай, қандай ерлік дейді. Өзің айтып берші, кәні тындаіық, – деп Төкен сөзді Алашыбайға береді.

Алашыбай да өтірікті шындағы ғып баяндап беріп, сөзін:

– Әрине, менің орнында кез келген совет адамы осылай жасаған болар еді, – деп аяқтады.

Осы кезде Оралхан орнынан атып тұрып қалтасын тағы бір жалтыраған значокты сұрып алды.

– Маладес, Төк! Сізге де бір орден, – деп Төкенің омырауына тағады.

Жұрт ду күлкіге батады. Катты сасқалақтап, мәнжайды енді ғана түсінген Төлен де ойланбастаң:

– Рахмет, рахмет! Алашыбай “ормандағы өртті сөндіргені үшін” алса, бұл маған сендердің “штеріндегі өртті” сөндіргенім үшін берілген награда деп білем, – деген екен.

МАҚАЛ МЕН САҚАЛ

Ол кезде жастар басылымы “Лениншіл жас” газетінің алқа мүшелерін, бөлім менгерушілерін кіші ЦК-да, яғни Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінде бекітетін. Осы дәстүрмен Мағира

Қожахметова студент-жастар бөлімінің менгерушісі, Жақау Дәуренбеков комсомол тұрмысы бөлімінің менгерушісі әрі редколлегия мүшесі етіп тағайындалып, қарымды қос журналист ЦК-да бекітілуге тиіс болды.

Идеологияны басқаратын үшінші хатшының, сонаң соң бірінші хатшының алдынан өтеді екен. Алдын-ала дайындау үшін бөлім нұсқаушысы екеуімен өткізіп әңгімелеседі, өмірбаяндарын нақтылады. Жауапты жігіт екеуінің жазғандарымен де, мінез-құлқытарымен де жақсы таныс, қанық-білік екендігін сездіреді. Әңгімелесіп болып, сонына қарай қипақтап отырып жас журналистерге өзінің ескертпелерін жұқалап аңғартады. Жақау мен Мағираға қарап:

– Жақа, осы күндері уақытша сақалыңызды ала тұрсаңыз болар еді. Ал, Мәке, сізді жақсы білемін ғой. Бетің бар, жүзің бар демей мақалдан қойып қаласыз. Секретарьлардың қабылдауы кезінде байқамай ашы “мақалдарыңызды” айттып қап жүрменізші, – деп етінеді.

Жақау сақалын сипалап, Мағира “Ну и ну...” деп койып, сыпайы әнгімеге сылқ-сылқ құліп редакцияга келеді. Келсе, лездеме өтіп жатыр екен. Әвлар отыра бергенде телефон шылдырап трубканы Сейдахмет аға көтереді. Сабырмен тындаған Сәкен: “Жарайды, түсінеді ғой!” деп жылы сөздер айттып бизызы қоштасты. Сөзді шиіріп, ойды иіріп сөйлейтін Сәкен артынша қиқ-қиқ етіп құле отырғандарға қарап:

– Жігіттер, өздерің де естідіңдер ғой? – дейді.

Лездемеге катысып отырғандар жапырыла уілдесіп:

– О не? О не? – деседі.

Сонда Сәкен жадырай жымып:

– ЦК-ға бекуге Мағира мақалсыз, Жақау сақалсыз баратын болды, – депті.

Партияның сенімді ізбасары комсомолдың да тәртібі қатал еді-ау, қатал.

ДЕПУТАТ-ТІЛШІ

Ақын, облыстық газеттің қазанында қайнап-піскен Серік Тұрғынбеков республикалық жастар басылымының Торғай, Қостанай өңірі бойынша өз тілшісі қызметіне бекиді. Өзің қаршадайынан сайын даланың бұла күігіндей еркін үстайтын, әрі “ақын” аты бар жас тілші редактор Сейдахмет Бердіқұловтың шегелеп айтқан тапсырмаларын қойын дәлтеріне қаттаң, түртіп алып, Орталық комитетінің жауапты бөлімдерінен де қамшы салдырмай өтеді. Сөйтіп барып редакцияға тілеулестері мен әріптестеріне мезіреті жасап, жолашарынадейінұмыттай аппараттағылардың батасын алады. Ақжарқын, сері Секен Арқалыққа аман-есен жетіп, Тың өлкесінің тіршілік-тынысын боратып жазады. “Күлшелі бала сүйкімді”, демекші жазғыш тілшілерді бастық та басқалар да жақсы көреді. Лездеме үстінде Сейдаған:

– Мына Серіктің қадамы қуантады. Тәуір жазып жүр. Қанша дегенмен ақын емес пе, үлкенді-кішілі

мақалаларында, очерктерінде кан бар, ізденіс бар. Таптаурындықтан әзірге ада. Топырағына тартқан. Анау Сырбай, Faғy ағаларынша кесіледі. Saғat, сен осының берін жеткіз тілшілеріне. Қашанғы тоқпактай береміз. Алыста жүргенде, жалғыз жүргенде көнілі өсіп, марқайып қалсын. Өзге болбырап, ілініп-салынып әрен құн өткізген тілшілеріне үлгі болсын, сабак болсын. Бізге “Комсомолканың” Песковы, Головановы демей-ақ, осы Тұрғынбековтей жазса жетіп жатыр.

Талғампаз да, аса дегдар Сейдағана не болса, сол ұнай бермейді. Жігіттерді сирек мактайды. Олардың дандайсып кеппеуін де ойлайтын тәрізді. Көнілі көл редактор Арқадағы тілшіні осылайша жер-көкке сыйдырмай мақтаған.

Лездемеден шықкан бойда редактордың орынбасары, облыстардағы тілшілерге тікелей басшылық жасайтын Saғat Әшімбаев Арқалыққа телефон соғады. “Осылай да, осылай” деп бар жағдайды үтір, нүктесін қалдырмай жеткізеді.

“Жақсы сез – жан семіртеді”. Бір аптадай отырса үйге, сыртқа шықса көшеге симай төбесі көкке сәл-ақ жетпей қалған Серік ойындағы еki-үш материалды тездетіп бітіріп, поштаға салып жібереді. Осы әсермен үнемі қашқақтап, тек Saғatпен қана тілдесіп жүретін ол тікелей редактордың телефонын тереді.

– Ал-ло... Кім керек еді сізге? – дейді хатшы қызы Фазиза сызылып.

– Сәкең орнында бар ма? – дейді Серік еркінси, әншійіндегі сипайы әдетін ұмытынқырап. – Мен ғой, Арқалықтан – Серік. Қоса қойшы тездетіп.

– Аға, сізді Арқалықтан Серік сұрап тұр.

– Иә, Серік хал қалай? Не жаңалық?

– Бәрі жақсы, Сәке. Мен Алматыға сессияға барушы едім. Соған өзінде... рух-сат... сұра-йын...

Қапелімде ойында ештеңе жоқ редактор өзі мақтап жүрген жігітіне хош көнілмен:

– Өй, сен, Серікжан өзін депутат па едін.

Күмілжіген Серік екпінін басып:

– Аға, мен әлі ҚазГУ-де сырттай оқымын ғой, – дейді.

РУБРИКА БАЛАЛАР

Зейтүн ағашындаған мәнгі жас ұяның арманшыл, елгезек қызы-жігіттерді тәрбиелеудегі өнегесі де, дәстүрі де мүлдем бөлекше. Әсіресе, студенттік аудиториядан жастар газетінің табалдырығын имене аттаған өршіл өрендер лапылдан жүріп өмірдің ашысы мен тұщысын қатар бастан кешіретін. Баршаға тән құбылыс – пәтер жоқ, жатақхана жоқ. Сонда да мұнаюды, мұқалуды білмейтін лениншіл жастақтар бір қолымен қаламдарын тербел, екінші қолымен бесіктегі бебектерін тербейтін.

Төл басылымдарына адал олар өз шаңырактарында інгеләған сәбілдерін есімдерін газеттің айдарларымен, яғни рубрикаларымен атауды үрдіске,

тамаша бастамаға айналдырган еді. Сейдахмет аға «Біздің рубрика-балалар» деп әрдайым мереіленіп отыратын.

Мәселен, осы газеттің алпысынышы-жетпісінші жылдардағы тулектері – бүгінде аты-жөндері елімізге танымал ақын-жазушылар Орысбай Әбділдаев кішкентай қыздарын Сымбат (спорт айдары), Қайырбек Асанов Жазира (ауыл жастарына арналған клубтың аты, кейін “Алату аруы” атанды), Жанат Елшібек Құралай (табиғат айдары) деп атады. Сондай-ақ, Айдын, Саят, Жұлдыз, Рауан, Мөлдір, т.б. есімді рубрика-балалар бұл қунде үлкен азаматтар қатарына қосылып, түрлі салаларда жемісті еңбек етіп жүр.

АЛАШЫБАЙДЫҢ МӘТЕЛДЕРІ

Журналист Алашыбай Есмағамбетов алғашқы жылдары секретариатта істеді. Макет сызудан еш хабары жоқ ол қағілездігінің арқасында бұл өнердің де құпиясы мен ұнғыл-шұнғылын тез-ақ менгерді. Кандай жұмысты, қай істі болсын бар ынты-шынтымен, ықыластана беріліп, құштарлықпен атқармасаң қырық жыл қарындаш ұстасаң да ештеңе бітірмесің анық. Оны қунделікті өмірдің өзінен, жанымызда жүрген жігіттердің дәрменсіз тіршілігінен байқаймыз. Сондықтан болар енбеккор Алашты Сейдаған ерекше жақсы көріп, қатты еркелететін.

Ал, Алашыбай марқұм қунделікті газеттің макетін сызғанда, немірге керекті ТАСС, ҚазТАГ фотоларымен бірге, өзіміздің фототілшілер түсірген суреттерді іріктең-сұрыптағанда отырып және бір мамандықты еркін игеріп алды. Қалам мен қарындаштан қолы қалт еткен сәттерінде фотограф түсірумен құлышына айналысты. Газеттің байырғы фототілшісі Сиез Бәсібеков ағасының қасынан бір елі қалмай жүріп ғажайып өнердің қыры мен сырын қиналмай тәп-тәуір үйреніп алды. Сейтіп, бірер жылдың бедерінде Қазақстандағы танымал фотожурналистердің салына қосылды.

Айтпақшы, Алашыбайдың тағы бір қырын айтпай кетсек киянат болар еді. Оның ұшқыр қаламы сатираға бейімдеу-тін. Әзіл әңгімелер, мөлтек юморлар мен қыска бірқақпайларын үзбей жариялайтын. Сүйікті жанрының ортақ кейіпкері Өрікайдар анқылдаған, елпілдеген, күлегеш Алаштың құдды өзіне ұқсайтындағы “Сегіз қырлы, бір сырлы” жігіттің қыз-келіншектерден асып түсер тамаша қасиеттерінің бірі – үй шаруасына, әсіресе, әйелдер кәсібіне ықтиятты, шебер-ақ. Ет асып, қамыр илең, күйірдақ қуырып, тосап қайнатып, киім үтіктең... бәрі-бәрін мінсіз орындаиды. Шіркін, о кезде қатып-семген кеңес дәуірінде, қазіргідей толып жатқан байқаулар мен конкурстар өткізілмейтін. Әйтпесе, бәйгелердің біразында сез жоқ, Алаш жеңімпаз атанарап еді-ау!

Редакцияда құн сайын болмаса да аптасына бір рет қуанышты жағдайлар басымызды біріктіреді. Жігіттердің бірі сәбілі, екіншісі пәтерлі, ушіншісі

жүлдегер... Қызметі өсіп, кітабы шығып, жақсы очеркі жарияланып, көлік алыш... дегендей көніл ауларлық сұлтаулар біріне-бірі ұласады. Кұлық-сұмдықтан, бакай есептен ада алау жастар ортасы думанды да қызықты ғой қашанда. Мұндайға ұйытқы да керек. Ақкөйлек аңқылдаған Алашыбай лезде табыла қалады. Әдемілеп, әшекейлеп, әспеттеп құлактандыру жазып, әрітесімізді құттықтаған “Сүйінші!”, “Бәрекелді!”, “Жарайсың!”, т.б. молнияларды шұғыл шығарып, көрнекі жерге іліп қояды. Ал ол жедел-құттықтау плакаттар міндетті түрде Алашекенің мынадай мәтел лебізімен көмкеріледі: “Құттықтау бізден, қышқылтым сізден!”.

Куаныш иесі іле жанқалтасындағы бар тыннебенін Алашыбайдың тұра өз қолына ұстасып іргедегі Қекбазарға жөнелтеді. Эрине, мәттакам Алаш алаканына түскен аз-маз пұлдың шашауын шығармай ұқсатып, берекелі де шырайлы дастарқан үйімдастырып жібереді-ай! Бұл да өнер.

Алашыбай пәтер алғанға дейін ағасы Әбекенің – Әбдіжәміл Нұрпейісовтің Ленин даңғылының жоғарғы жағындағы әйдік дауасында тұрды. Қорінген орыстың босағасын сығалап жүрген үйісіз-күйісіз жігіттер оқта-текте Алашекенде қонақ болыш, емін-еркін көсліп, арқа-жарқа тынышып қайтар еді. Таудың баурайында, Алатаудың саф ауасын жұтқан журналистер әрітесінің тіршілік-тынысына қатты қызығатыны да белгілі. Мұндайда айттар Алашыбайдың мәтелі: “Қекесі кереметтің күйі де көнілі де көтерінкі!”.

Иә, Әбдіжәмілдей қекесі бар адам қайдан көтерем болсын.

Жалғанды жалпағынан кешкен Алашыбайдың үнемі қиналып, әрі баспахрананың беттеушілерімен ұдайы керісіп қалатын жалғыз ғана “проблемасы” болды. Ол өзінің аты-жөні. Материалдардың дені бір бағаналық, яғни 2,5 квадратқа терілгендейдікten “Алашыбай Есмағамбетов” деген сөз өмірі бір бағанага симайды. Не тасымалданады, не екі жолға теріледі. Бұл Алашыбайға ұнамайды. Сондықтан да әзіл әңгімесін де, отыз жол хабарын да жалпақ форматпен тергізеді. Осы жайды тұрақты кім қадағаласын. Кешкісін верстка басына бір соғып кететін ол аты-жөнін қайтадан қорғасынға құйғызып әуре-сарсанға түсіп жүргені. Сондағы Алашыбайдың жымындаң тұрып айттар және бір мәтелі: “Бойым бір тұтам, ал аты-жөнім бір шақырым...”.

Аты-жөндерін, тегін онды-солды аямай күзеп, қысқартып жазуды дәстүрге айналдырған қазіргі азат дәүірде ол өз дүниелеріне куана мынадай деп қояр еді: Алаш Есмағамбет!

Сөз жоқ, солай жазар еді...

ОНЫП ТҰРМАҒАН АТТАР

Газеттің шаруа-жастар белімінің менгерушісі Орысбай Әбділдаев қаламының желі бар облыс-

тардағы журналистерді, жергілікті тілшілерді жақсы материалдарын ұдайы болмаса да арагідік жіберіп тұруын өтініп жер-жерге телефондан әбігерге түседі де жатады. Бұл тынымсыз журналистің тамаша қасиетін көрсетсе керек. Ал “Ленжасса” шығып, оған тұрақты автор болу кез келген журналистің арманы. Өз бет-бейнесі, өз стилі бар басылымда мақаласы, репортажы, ең ақыры шағын хабары жарияланғандардың жалы әжептәуір гүжірейіп-ақ қалатыны сөзсіз. Жазғыш жігіттер бөлімнің тірері. Осында мақсатпен Орысбай облыстық “Орал өнірі” газетінің ауыл шаруашылығы бөліміне телефон шалады. Ойында ештеге жоқ, әдеттегі данғұр-дұнғұр мінезіне салып, трубканы көтерген дауысқа жедел тапсырма бере бастайды.

– Алматыдан, “Лениншіл жастың” шаруа-жастар бөлімінен едік. Ауыл жастарының өміріне қатысты әдемі дүниелерініз болса жіберіп тұрыңыз. Жалпы, қекейінізде жүрген, ойынызды мазалаған өткір проблемалық мәселелерді жазыңыз. Жарайды. Келістік қой...

Автоматша сартылдаған дауысқа жөпелдемеде жауап қайтара алмай, үнсіз тыңдаған бұл сәл саябырысған кезде барып:

– Менің тікелей бастығымның өзі бүйтіп тапсырма бермейді. Айтпақшы, таныспадық қой өзі. Атыңыз кім? – дейді әзілдей.

– Орысбай!

– Қызық ат екен. Осында да болады екен-ау...

– Өзініздің есіміңіз қалай еді?

– Тихон!

– Ойпирмай, шын айтасыз ба? Сіздің де атыңыздың онып тұрғаны шамалы екен. Тихон дейсіз бе?

– Иә. Фамилия – Әліпбаев. Сіз секілді ауыл шаруашылығы бөлімінде істеймін. Шама-шарқымша жазып тұруға үеде берейін. Біз үшін республикаға көрініп жату – ұлken құрмет емес пе. О жағын түсінемін ғой, Ореке.

Мінеки, “аттары онып тұрмадаған” Орысбай мен Тихон осылайша тіл табысқан көрінеді.

БІЗДІҢ РУЫМЫЗ – “ЛЕНИНШІЛ ЖАС”

Алматының төріндегі өнер орталарының бірі – “Қазакконцерт” ығы-жығы, ін тірескен халық. Зиялды қауым өкілдерінің дені осында. Топ-топ ұлкен-кіші. Лебіздері де, әңгімелері де ортақ. Қөрнекті жазушы, спорт журналистикасының сардары Сейдахмет Бердіқұловтың 60 жылдығын қала жүртшылығы үлкен құрметпен атап өтуде. Мерейтой иесі жөніндегі жүрек сөзі, ыстық ықылас. Ән шырқалып, жыр мен өлең төтілуде. Ақтарылған тілектерде қисап жоқ. Бір ғажабы, зорлықпен, күштеп айтылағаны айдан анық. Сахна төрінде – Сейдағаң мен Күләттай женгей. Арапарында еліктің лағындағы құлдыраңдай жүгірген немересі, тыным таппай шауып жүр. Бірсес атасының, бірсес әжесінің тізесіне барып отырады. Перште

көніл нені сезін?! Тілек білдіріп жатыр ма, ән әуелеп жатыр ма, өлең оқылып жатыр ма? Кімнің құрметіне? Осының бәрін Сейдағаның сезімтал да, нәзік жүргегі кардиограммадай қалт жібермей сезетін секілді. Тәкаппар, аксүйек аға баланың да, шағаның да лебізін өзінше екшеп отыр.

Соңғы кезде өнінің өзгеше өзгеріп бара жатқанын “Ленжаспен” бірге есейіп, бірге картайып келе жатқан сұнғыла Бағдат шал анғартқан-ды таяуда ғана: “Әй, Оралхан, Куанышбай, сендер не білесіндер? Сейдахмет ағаларының өні маған ұнамайды. Ауырады білем. Сездірмейді, сездірмейді-ай... Газеттің суретші-ретушері, шежіре картымыз Момбеков Бағдат ақсақалдың айтқан әлгі күдігі көнілді сәл сәтке пәс етіп, күмән көлеңкесін қалыннатқан. Қарсы алдымында қасқайып отырган Сәкеннің жүзіне ұрлана жанар тігемін. “Рас! Жоқ!” Арпалысқан сезікті секем ойларым итжығыс түсіп жатыр. Кешті жүргізген абыз-акын Әбділда Тәжібаев қалың көзәйнегімен ақ паракка тесіліп, саңқылдан арнау өлеңін нәшине келтіріп оқып отыр. Сейдағаның сарғыш тартқан сұрғылт дидарына көзім түсіп кетті. Селк етпейді-ау, селк етпейді... Дауыл-акын өлеңін күркіртіп оқып жатыр, оқып жатыр... Аға ойлы да, мұнлы жанарын төнірегіне тастап, көз қиығы жеткен тұска дейін бәр-бәрін барлайды. Құдды тұра казіргі көніл күйі өзі жазған “Мұңайып оянған қала” тәрізді қорінді.

Салтанат сонында мерейтой иесі сөйледі. Аспай-саспай, лепірмей жиналған жұртқа жүргегінде құндақтаулы лебізін білдірген...

Кеш аяқталмастан залда отыргандар сахнадағы Сейдағанды ілгері жылжытпай алқалап, қоршап, қаумалап алды. Қалың нөпір тоptы мұжкарғышша жарып лениншілжастықтар Ырым Кененбаев, Әшірбек Көпішев, Мағира Қожахметова, Жарылқап Бейсенбаев, Жақау Дауренбеков, Жақыпжан Нұрғожаев, Жұмагұл Солтиевалар жеткен бал-бұл жаңып.

— Бұлар кімдер, кай облыстан, қай ауылдан келгендер.

Әзіл арапас қағытпаға сол мезетте:

— Біздің рухани әкеміз – Сейдахмет Бердіқұлов. Ал руымыз – “Лениншіл жас”, – деді Мағира мудірмей.

— Иә!

— Дұрыс айтады!

Құшағын айқара ашқан Сейдахмет аға бәрімізді бауырына басып тұрып:

— Мынадай шәкірттері бар, мынадай ізбасарлары бар мен шын бақыттымын! – деді.

Үстаз жанарындағы мұң енді ғана сейілгендей, ерекше күлімдейді. Шаршаулы кейпі де әлгіндегідей емес, алаулап тұрған еді...

СОҢҒЫ ЖҰЗДЕСУ

Бәрі-бәрі күні кешегідей. Сананы сәулелендірген қас-қағымдық сәттердің де ұзак уақыт ұмытылмай-

тыны белгілі ғой. Ой тербеткен сайын жадымызыда жанғырып, қеудемізді күмбірлетері анық. Тура осыдан бір жыл бұрын бүкіл ел Үлкен қаламгердің Сейдахмет ағаның мүшелтойын дүрілдетіп өткізген еді. Енді, міне!... Айтұға аузын бармайды-ау. Тіпті жүргегің сенбейді. Пәтуасыз мынау жалған дүниенің – ғапыл ғұмырдың қуанышы мен өкінішінің қосарласып жүретінін де зерделесекші. Әйтпесе, Сейдахмет ағаның қолтығында қанаттанған біз секілді шәкірттері бұлайша аһ ұрып құніренбес едік. Ал, абзал Ағаның, ардақты азаматтың өкшесін басып, ізінен ерген інілерінің өзі қашама.

Бүгінде олардың қатарының толқын-толқын буынға ұласып отырганын әрдайым мақтаныш сезіммен айтып жүрміз де. Осы бір ауыр мезеттегі көнілдегі қою қорғасын бұлтты сейілтетінін сол – кейінгі ізбасар шәкірттерінің көптігі болса керек. Ендігі жерде жанымызға жақын ұстаз ағаның есімі бұрынғыдан да асқақтап, естеліктерден құралар екінші ғұмырының өшпейтіндігі құмәнсіз.

Иә, күні кеше ғана еді. Сейдахмет ағамен соңғы жүздесу жадтан өшер емес. 24 мамыр, сейсенбі күні (1994 ж.) таңертенгі он бірден өте біз – Нұрлан, Мыңбай аға, Ержұман тертеуміз үн-тұңсіз жатқан ағаның қолын алдық. Ауыр сыркат әбден қалжыратқан. Табигатынан ерекше қайсар аға ештене сездірмеген. “Сәке, жағдайыңыз қалай?” Ол қашанғы ғадеттінше бейнелі тіл қатты: “Жарық дүние көзімнен бұлбұл ұшты деп жатқаным жок”. Майда жөтөл сөзін әлсін-әлсін үзіп жіберген. Әлден кейін “Елді араласам деген ойым бар...” Сәке өзі қызмет істеген “Лениншіл жастағы” өшпес жылдарды ілкі сәтте есіне түсірген. Газет макеті туралы ойларын екі ауыз сөзбен түйіндеді. Бірақ... Көп сөйлеуге шамасы келмеді...

Сейдахмет ағаның үйінен қатты құлазып қайттық. Бір сәтке көнілімізге жұбаныш болғаны оның келешек биіктерді барлаған ойлары еді. Кез келген қалам иесінің туындысынан автордың өзіндік мінез-болмысын, өзіндік табиғатын байқаңын. Осы тұрғыдан келгенде шығармашылық әлемінде спорт тақырыбына тұнғыш түрек салған жазушының дара қолтаңбасы кейінгі ұрпакқа ұлғі-өнеге. Басқа да көркем сөзбен кестеленген талантты еңбектері Сейдахмет ағаның есімін келер ғасырға жалғастыра беретіні сөзсіз.

Жұмыр жерді шарлаған егеулі наиза – қуатты қаламы қашаған бітімі, мінезі, ерек ғұмырлы кітаптардың талай оқырманын тәнті етері аяна. Сондыктан да Сіздің есіміңіз ұмытылмайды, аға.

Жақсы істеріңіз шәкірттеріңіздің жүргегін әрқашан аялай береді.

Жанат ЕЛШІБЕК,

Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты